ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2024 жылғы 12 қараша Іс №7119-24-00-2/14123 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С.Т.Бертыбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"№1 Автобус паркі" Акционерлік Қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Баймаказанова А.А.» дара кәсіпкер атынан әрекет етуші Баймаказанова Айжан Аскеровна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану;
2) тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"№1 Автобус паркі" Акционерлік Қоғамының талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Баймаказанова А.А.» дара кәсіпкер атынан әрекет етуші Баймаказанова Айжан Аскеровна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Баймаказанова А.А.» дара кәсіпкер атынан әрекет етуші Баймаказанова Айжан Аскеровнадан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Документ подписан: Бертыбаева С. Т., 12.11.2024
Дата вступления в законную силу: 20.12.2024, судья Бертыбаева С. Т., 26.12.2024
7119-24-3-1/13509

«Баймаказанова А.А.» дара кәсіпкер атынан әрекет етуші Баймаказанова Айжан Аскеровнадан "№1 Автобус паркі" Акционерлік Қоғамы пайдасына 13 669 (он үш мың алты жүз алпыс тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы, 410 (төрт жүз он) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **С.Т.Бертыбаева**

Документ подписан: Бертыбаева С. Т., 12.11.2024

Дата вступления в законную силу: 20.12.2024, судья Бертыбаева С. Т., 26.12.2024

7119-24-3-1/13509